

**Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасының жұмыс істеу қағидаларын, сондай-ақ оның ақпараттық ресурстарының, сервистерінің және функцияларының тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 19 наурыздағы № 113 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 27 наурызда № 38204 тіркелді

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 68-1-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасының жұмыс істеу қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасының ақпараттық ресурстарының, сервистері мен функцияларының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Өнеркәсіп және құрылыс министрі

*Е. Нағаспаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Жасанды интеллект және  
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Өнеркәсіп және құрылыс

## **Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасының жұмыс істеу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасының жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 68-1-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасының жұмыс істеу тәртібін айқындайды."

2. Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасының жұмыс істеуі Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану және ақпараттандыру саласындағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) геологиялық ақпарат – кез келген жеткізгіште тіркелген және осындай мәліметтерді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін деректемелері бар жер қойнауы мен олардың учаскелерінің, кен орындарының және пайдалы қазбалар көріністерінің заттай құрамы, геологиялық құрылысы мен тарихы, геологиялық, геохимиялық, геофизикалық, гидрогеологиялық, геоморфологиялық және тектоникалық ерекшеліктері туралы мәліметтер;

2) Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы (бұдан әрі – Платформа) – мемлекеттік қызметтер көрсетуді және мемлекеттік органдар, жер қойнауын пайдаланушылар және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де мүдделі тұлғалар арасындағы, оның ішінде басқа да ақпараттандыру объектілерімен интеграциялау арқылы ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін мемлекеттік ақпараттық жүйе;

3) жеке кабинет – өтініштер беруге, хабарламалар алуға, есептілікті тапсыруға және аукциондарға қатысуға арналған электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып, аутентификация арқылы пайдаланушы қол жеткізе алатын Платформа бөлімі;

4) жер қойнауын пайдалану картасы – нақты уақыт режимінде жер қойнауы учаскелері, шектеу аймақтары және геологиялық зерделеу туралы кеңістіктік деректерді көрсететін Платформа компоненті;

5) кеңістіктік деректер – жер қойнауын пайдалану картасында көрсетілетін, белгілі бір нысанда және координаттық санақ жүйесінде ұсынылған жергілікті жер объектілерінің орналасқан жері туралы мәліметтерді қамтитын ақпарат;

6) интернет-ресурс – бірегей желілік адресі және (немесе) домендік аты бар және Интернетте жұмыс істейтін аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылған (мәтіндік, графикалық, аудиокөрінімді немесе өзге де түрдегі) ақпарат;

7) құзыретті орган – Платформа арқылы жер қойнауын пайдалану құқықтарын беруді жүзеге асыратын қатты пайдалы қазбалар бойынша немесе көмірсутектер бойынша уәкілетті органдар, сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жергілікті атқарушы органдар;

8) Платформа операторы – Платформаның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін геология саласындағы ұлттық оператор;

9) пайдаланушы – Платформа арқылы ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары;

10) Платформаның ақпараттық ресурстары – жер қойнауын пайдалану саласында пайдаланылатын мәліметтер базасы, географиялық координаттар мен мәліметтер, мәліметтердің электрондық массивтері;

11) техникалық-профилактикалық жұмыстар – есептеу техникасы құралдарын және телекоммуникациялық жабдықты жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау жөніндегі, оның ішінде техниканың және (немесе) жабдықтың жұмыс істемей қалуын және оның уақытынан бұрын тозуын болдырмау мақсатында профилактиканы, ақауларды жоюды, жекелеген бөліктер мен блоктарды ауыстыруды, жабдықтың қуатын ұлғайту үшін жабдықтарды, қосымша қондырғылар мен жадыларды орнатуды және баптауды және пайдаланушыларға көмек көрсетуді қамтитын іс-шаралар кешені;

12) техникалық істен шығу – бір немесе бірнеше пайдаланушылардың ақпараттық жүйені пайдалану мүмкіндігін болдырмауға әкеліп соғатын ақпараттық жүйенің аппараттық-бағдарламалық кешенінің немесе оның жекелеген компоненттерінің бірінің жоспарланбаған уақытша істен шығуы;

13) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

14) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).

## **2-тарау. Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасының жұмыс істеу тәртібі**

### **1-параграф. Платформаға кіру және пайдаланушыларды тіркеу**

4. Платформа ашық және жабық бөліктерден тұрады. Ашық бөлім жер қойнауын пайдалану картасын, лицензиялар тізілімдерін және мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасын қоса алғанда, Платформаның ақпараттық ресурстарына тіркеуді қажет етпей барлық мүдделі тұлғаларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

5. Платформаның жабық бөлігіне жеке кабинет арқылы қол жеткізуге болады. Жеке кабинет ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, тіркеу және аутентификация рәсімінен өткеннен кейін пайдаланушыға беріледі.

6. Пайдаланушыларды тіркеу кезінде Платформа деректерді "Заңды тұлғалар" Мемлекеттік дерекқорымен интеграциялау арқылы автоматты түрде тексереді. Жеке тұлғаларды тіркеу кезінде "Жеке тұлғалар" Мемлекеттік деректер базасы арқылы тексеру жүзеге асырылады.

7. Пайдаланушылар хабарламаларды дұрыс алуды, өтініштер беруді, есептілікті тапсыруды және аукциондарға қатысуды қамтамасыз ету үшін жеке кабинетте өз деректерінің өзектілігін сақтауға міндетті.

## **2-параграф. Платформаның жұмыс тәртібі және қатысушылардың өзара іс-қимылы**

8. Электрондық өтінім беру сервисі шеңберінде - өтініш түрінде қалыптастырылады және Платформаның жеке кабинеті арқылы ғана электрондық түрде беріледі.

Ұсынылған мәліметтердің толық еместігі анықталған жағдайда электрондық құжат қайтару себебін көрсете отырып, пысықтауға қайтарылуға жатады, ал электрондық құжат бойынша ұсынылған мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған жағдайда дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Өтініш беру сервисі келіп түскен электрондық құжаттарды тиісті құзыретті органдарға және/немесе Платформа модульдеріне автоматты түрде бағыттауды қамтамасыз етеді.

Электрондық өтінімді өңдеуге қабылдағаннан кейін пайдаланушы өтінім нөмірі және оның келіп түскен уақыты көрсетілген электрондық хабарлама алады.

Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, электрондық құжат пайдаланушының Платформадағы жеке кабинетіне келіп түскен сәттен бастап пайдаланушыға жеткізілген (тапсырылған) болып есептеледі.

Электрондық өтінім беру сервисінің барлық операциялары олар келіп түскен сәттен бастап оқиғалар журналында әрбір операцияның уақыты, бастамашысы және нәтижесі көрсетіле отырып тіркеледі. Журналдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақталады және тексеру жүргізу үшін қолжетімді етіледі.

9. Мониторинг сервисі жер қойнауын пайдалануға құқықтарды, берілген лицензияларды және міндеттемелерді орындаудың ілеспе шарттары мен мерзімдерін қоса алғанда, жасалған шарттарды автоматтандырылған есепке алуды қамтамасыз етеді.

Салыстыру нәтижелері бойынша сәйкессіздіктер, ауытқулар немесе бұзушылықтар туралы автоматты хабарлама қалыптастырылады және оларды пайдаланушының жеке кабинетіне және құзыретті органдардың қарауына жібереді.

Мониторинг сервисі басқарушылық шешімдерді бақылау және қабылдау үшін қажетті көлемде және форматта құзыретті органдар үшін жиынтық талдамалық ақпарат пен есептер шығаруды қамтамасыз етеді.

Платформа Операторы өзгерістер негізін және өзгерісті жасаған тұлға туралы деректерді сақтай отырып, құқықтар мен міндеттемелер туралы жазбалардың өзгерістер тарихын жүргізуді қамтамасыз етеді.

10. Жер қойнауы учаскелерін және кеңістіктік деректерді визуализациялау сервисі жер қойнауының барлық учаскелері туралы мәліметтерді қамтитын қабаттарды көрсетуді қамтамасыз ететін жер қойнауын пайдалану картасын пайдалана отырып жүзеге асырылады. Жер қойнауын пайдалану картасында орналастырылатын мәліметтер уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынатын ақпарат негізінде өзектендіруге жатады.

11. Электрондық құжаттарды сақтау ЭЦҚ пайдалана отырып, Платформа арқылы қалыптастырылған, қол қойылған және берілген электрондық құжаттарға қатысты жүзеге асырылады.

Құжаттарға қол жеткізу шектеледі және қол жеткізудің белгіленген деңгейлеріне және құпия және қызметтік ақпаратты қорғау туралы талаптарға сәйкес беріледі.

12. Платформа операторы көрсетілген сервистердің жұмысқа қабілеттілігін, деректердің сақталуын, олардың тұтастығы мен қолжетімділігін, сондай-ақ "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысына сәйкес ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі техникалық және ұйымдастырушылық шараларды қамтамасыз етеді.

Платформа жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік қызметтер мен сервистерді автоматтандырылған рәсімдер арқылы іске асыруды қамтамасыз етеді, оның ішінде лицензиялау, жер қойнауын пайдалануға құқықтарды тіркеу, шарттық және өзге де құқықтық қатынастарды рәсімдеу, лицензиялық режимге көшу, рұқсаттар мен келісімдерді беру, сондай-ақ "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" қолданыстағы Кодексте көзделген өзге де әкімшілік рәсімдер.

13. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерімен, мемлекеттік дерекқорлармен және (немесе) ақпараттық жүйелермен интеграциялау Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген № 16777) "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2-қосымша

**Ақпараттық ресурстарының, сервистері мен функцияларының тізбесі**

№	Ақпараттық ресурстар
1	Жер қойнауын пайдаланушылардың деректері
2	Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялар мен келісімшарттардың деректері
3	Геологиялық есептердің және өзге де геологиялық ақпараттың деректері
4	Жер қойнауын пайдалану картасы
Сервистер	
1	Электрондық өтінімдер сервисі
2	Мониторинг сервисі
3	Жер қойнауын пайдалану картасында жер қойнауы учаскелерін және кеңістіктік деректерді визуализациялау сервисі
Функциялар	
1	Пайдаланушыларды тіркеу және аутентификациялау
2	Электрондық өтінімдер мен құжаттарды қабылдау, өңдеу және сақтау
3	Мемлекеттік деректер базасымен және ақпараттық жүйелермен интеграциялау
4	Жер қойнауын пайдалану тізілімдерін жүргізу және өзектендіру
5	Геологиялық ақпаратты сақтау, өңдеу және ұсыну
6	Есептілік пен талдамалық материалдарды қалыптастыру
7	Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету
8	Жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттемелерінің мониторингі
9	Жер қойнауын пайдалану картасында жер қойнауы учаскелерін және кеңістіктік деректерді өзектендіруді қамтамасыз ету